

Ізденуші Ермеков Саят Рахимбайұлының 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін алуға арналған «Сулы – тұзды жүйелердегі құрамдық, күйлік, құрылымдық және физика – химиялық өзгерістер заңдылықтарын анықтау, олардың галургиялық технологиядағы қолданбалық маңыздылығы» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

П І К І Р І

Ермеков Саят Рахимбайұлы 2016 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетіне 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша докторантураға түсті және 2019 жылы толық курсы аяқтады.

Диссертациялық жұмысы галургиялық технология саласының заманауи өзекті мәселелеріне негізделіп, университет ғылыми кеңесінің 31.01.2016ж №3 шешімімен бекітілген. Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы кафедрасының мемлекеттік – бюджетті Б-16-02-03 ғылыми – зерттеу жұмысы жоспарына сәйкес дайындалған.

Бұл тақырып галургиялық технологиядағы сулы-тұзды жүйелердің физика-химиялық қасиеттері туралы, олардың құрамдық, күйлік, құрылымдылық өзгерістері туралы ілімдік жұмыстар жасап, алынған нәтижелердің галургиялық технология үшін қолданбалық маңыздылығын айқындауды мақсаттайды.

Галургиялық технологияларда элементтік материалдық бөлшектер - атомдар мен иондар маңызды рөл атқарады. Олардың өлшемдері, қасиеттері сулы-тұзды жүйелерде жүзеге асырылатын минералды шикізаттық, екіншілей шикізаттық материалдарды өндірістік өңдеу үрдістеріне біріншілей және шешуші әсер етеді. Бүгінгі таңда атомдар мен иондардың радиустары мен меншікті энергетикалық көрсеткіштері туралы белгілі мәліметтер үлкен айырмашылықты анықтамалық жинақтар болып табылады. Мұның басты себебі - олар түгелдей тәжірибелік-жанама зерттеу әдістерінің нәтижелері, осы себепті шындыққа толығымен сәйкес келмейді және атомдар мен иондардың меншікті энергетикалық көрсеткіштерінің шынайы мәндерін есептеп табу үшін толықтама жарамды емес. Сондықтан, молекулалық жүйелер құрамдастары – атомдар мен иондардың радиустарын анықтау бойынша бүгінде ғылымда қол жеткен жетістіктер қанағатсыз деп табылады. Осы бағытта жаңа шешімдер қабылдап, ұтымды ізденістер жүргізіп, атомдар мен иондардың шынайы, нақты жоғары сенімді мәндерін анықтау аса өзекті мәселе болып табылады. Осы себепті зарядталған элементтік бөлшектер арасында пайда болатын белгілі тартылу және тебу заңдылықтарын және атом құрылысы туралы жалпылама мойындаған заманауи ғылыми мәліметтерді ескере отырып, элементтік бөлшектердің орбиталдық радиустарының шынайы мәндерін анықтау мақсатында тың ғылыми негізделген, зерттеу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі аса жоғары.

Докторант С.Р. Ермековтың ғылыми жұмысында атомдар мен иондардың жаңадан анықталған шынайылығы мен дәлділігі жоғары радиустары мен меншікті энергетикалық көрсеткіштері мәндері негізінде сулы-тұзды жүйелердегі күйлік, құрамдық, құрылымдылық және физика-химиялық өзгерістер

заңдылықтары анықталып, олардың қолданысында галургиялық технологияда қолданбалық маңыздылығы жоғары ұсыныстар мен шешімдер қабылданған.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында С.Р. Ермеков қажетті деңгейлерде ғылыми және кәсіби дағдылар мен тәжірибелер қалыптастырды. Ғылыми тағлымдамадан Мәскеу химия технологиялық университетінде (Мәскеу қ.) өтті.

С.Р. Ермеков еңбекқор, тәртіпті, талапкер зерттеуші. Алдына қойылған мақсатты мәселелерді заманауи ғылыми әдістермен іске асыруға қабілетті. Докторант С.Р. Ермеков қол жеткізген ғылыми-зерттеу жұмыстар нәтижелері оның ғылыми зерттеу талдау әдістерін жоғары дәрежеде меңгергенінне куәландырады..

С.Р. Ермековтың диссертациялық зерттеулері нәтижелері 19 ғылыми басылымдарда жарияланып, қорытындыланған. Олар құрамы, сапасы және санына қойылатын ҚР БҒМ білім және ғылым салаларындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, тақырыптық ізденістер нәтижелері бойынша 3 авторлық куәлік, 5 оқу үрдісіне ендіру актісі алынды, Қазақстандық және Еуразиялық патенттік бюроға 4 өнертабысқа ұсыныстар берілді.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен ұсыныстары жеткілікті дәрежеде дәлелді. Ондағы алынған нәтижелердің ғылыми қолданбалық құндылығы, негізгі қағидалары мен қорытындылары диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді. Диссертациялық жұмыс 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Техника ғылымдарының докторы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
Университетінің
«Бейорганикалық заттардың
химиялық технологиясы»
кафедрасының профессоры



Бестереков У.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚЖЖ бөлімінің
басшысы

